

С. Б. Жаутикова, К. М. Жиенбаева, С. М. Аринова

ҚММУ-ДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚУ ӘДІСТЕРІНІҢ ТӘЖІРИБЕЛІК ТҰРҒЫДА ҚОЛДАНЫЛУЫ

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті патологиялық физиология кафедрасы

Мақалада ҚММУ-дегі қазақ топтарындағы инновациялық оқу әдістерін қолдану тәжірибесі туралы айтылған. Авторлар интеграцияланған оқу әдісінің маңыздылығын, мақсатын, өзара байланыстыру, өзара толықтыру мүмкіншіліктерін қарастырған. Интеграцияланған оқу түрі студенттерге іргелі биомедициналық пәндермен клиникалық пәндер арасында байланыс өткізу мүмкіншілігін береді, осы арқылы студенттерге әр пәннің маңыздылығы ескертіп, көрсете алады.

Кілт сөздер: инновация, инновациялық оқу әдістері, интеграция, интеграцияланған оқу әдістері, медицинадағы оқыту моделдері

Қазақстан Республикасындағы медицина саласындағы білім беру реформалары кәсіби тұрғыда жоғары білікті мамандарды тағайындауға бағытталған. Олардың басты мақсаты медициналық көмекті тиісті дәрежеде көрсете білу. Елбасының жолдауына сүйенсек, онда былай айтылған «Жоғары білімнің сапасы ең биік халықаралық талаптарға сай болуы қажет. Еліміздің ЖОО әлемнің мықты университеттер қатарына енуіне ұмтылуы керек...». Жоғары білікті мамандарды тағайындау біздің мемлекетіміздің әлеуметтік стратегиясының маңызды құрылымдық бөлігі болып табылады. Бұл мәселенің сәтті шешілуі оқытудың сапасына тәуелді және оқу үрдісінің ұтымды ұйымдастырылуының жаңа формаларын талап етеді [1]. Кез келген пәннің оқытылуында кәсіпті толық игеруге көмектесетін әдістер қолдануы тиісті, соған байланысты маманның бағыты қалыптасады. Осыған байланысты жоғары білім беру жүйесі соңғы жылдары сапа мәселесіне үлкен көңіл бөледі. ЖОО студенттердің білім сапасы көптеген факторларға тәуелді. Ол дегеніміз оқытушылар біліктілігі, оқу үрдісінің жағдайы мен қамтылуы, оқу үрдісіндегі элементтер құрылымы, білім алушының уәждемесі, оқытудың заманауи технологиялары, білім алудың бақылау жүйелері, педагогикалық еңбектің уәждемесі және де тағы көптеген факторлар. Қазіргі уақытта ЖОО өзіндік әдістемелік потенциалына сәйкес оқу үрдісін тәжірибелік денсаулық сақтаудың талаптарына сай жақындатуға ұмтылады, бұл жүйелік үздіксіз оқыту арқылы іске асады [2]. Тәжірибелік денсаулық сақтау саласының талаптарына сай оқытудың мазмұнына түзетулер енгізілуде, сонымен қатар оқытушылар үнемі шығармашылық белсенділіктің ынталандыруына қажетті формалар мен әдістер, бақылау мен білім сапасының бағалануы да жетілдіріліп отырады [3].

Медициналық білім берудің замануи тенденциялары, соның ішінде дәстүрлі оқу әдістерінен интеграцияланған бағдарламаларға ауысуы медицина саласының мамандарын даярлау принциптерін толық өзгертуді талап етеді. Осы тенденцияларды ескере отырып біздің университет дәстүрлі пәндік бағытталған оқытудан интеграцияланған оқу формасына 2010 жылдан бері ауысуды ұйғарды. Интеграцияланған оқыту іргелі пәндермен клиникалық пәндер арасында байланыс өткізуге бағытталған. Бұл студенттерде іргелі биомедициналық пәндерге уәждеме мен қызығушылық туындатуға қажетті, сол арқылы алған білімдерін нақты клиникалық мәселені шешу барысында қолдана білуі керек. Интеграцияланған оқу түрі болашақ дәрігерлерге мәліметтерді бірыңғай тізбекке жинақтауға көмектеседі, сол арқылы клиникалық жағдай туралы толық көрініс қалыптастырып, әр науқастың емдеуіне жинақы амалдарды өңдейді [4].

Интеграция принципі оқыту үрдісінің барлық компоненттерінің байланысын жорамалдайды, ол мақсаттарды және оқытудың соңғы нәтижелерін, мазмұнын, түрлерін және оқу әдістерін анықтауында жетекші болып табылады. Оқытудың және білім берудің интеграциялық түрі – интеграция қағидаларының оқу үрдісінің кез келген сатысында іске асуын ескертеді, сол арқылы оның тұтастығы мен жүйелігі қамтамасыз етіледі. Медициналық оқу бағдарламасы білім алушылар негізгі біліктіліктерін өзіндік білімдері мен дағдыларын олардың өзара байланыстары мен өзара толықтыру мүмкіншіліктері негізінде біріктіре алатындай өңделіп, құрылуы қажет [4].

Интеграцияланған оқу түрі қазіргі таңда ҚММУ жоғарыда айтылғандай кеңінен қолданылады, мұнда да іргелі биоме-

дициналық пәндермен клиникалық пәндер арасында байланыс өткізіліп, осы арқылы студенттерге әр пәннің маңыздылығы ескертіліп, көрсетіледі. Осы бағытта жүргізілген жұмысқа сай патологиялық физиология кафедрасында 2015 жылдың қарашасының 19 жұлдызында қазақ бөлімінде, оның ішінде «Жалпы медицина» мамандығының 3-003 тобында, ашық сабақ түрінде алғашқы рет интеграцияланған сабақ өткізілді. Осы мақсатпен келесі пәндер арасында байланыс жүргізілді: «Патологиялық физиология-2», «Патологиялық анатомия-2», «Фармакология - 2», «Ішкі аурулар пропедевтикасы». Бұл жерде де алғашқы үш пән іргелі биомедициналық пәндер тобына жатқызсақ, соңғысы клиникалық пән болып табылады. Сабақты өткізуге әр пәннің оқытушылары қатысты: доцент Қ. Т. Түсіпбекова, аға оқытушы Қ. М. Жиенбаева, ассистент Л. М. Стабаева, оқытушы Н. Т. Дилдабекова. Интеграцияланған ашық сабақ «Коронарлық жеткіліксіздіктің патофизиологиясы, морфофункционалдық ерекшеліктері, клинико-аспаптық зерттеу әдістері, емдеу негіздері» тақырыбы бойынша өткізілді. Сабақ клиникалық жағдайды таныстырудан басталды, ол кезде студенттер үшін тағайындалған әдістемелік ұсыныстар тара-тылды, сонымен қатар мультимедиялық аспап арқылы тақтада көрсетілді. Тақырыпқа сай науқас жүректің ишемиялық ауруымен зардап шегеді. Клиникалық жағдайда студенттерге науқастың өмір анамнезінен, ауру анамнезінен мәлімет берілуімен қатар зертханалық және аспаптық зерттеу нәтижелері берілген. Осы жағдайға сай студенттер биомедициналық және клиникалық пәндер бойынша білімдерін біріктіре отырып, дұрыс диагноз қоюға тиісті және оны толық әр тұрғыдан дәлелдеп, толықтырып, дұрыс бағытта емдік шараларын тағайындауға міндетті болып табылады. Осы мақсатпен әр пән мамандары интеграцияланған ашық сабаққа арналған әдістемелік ұсынысты құрастыруға қатысып, тақырып бойынша тапсырмалар мен бақылау сұрақтары толық алдын ала өңделді. Уақыттың аз болғандығына қарамастан, әр пәннің оқытушысы пән спецификасына сай осы мәселе бойынша студенттермен негізгі сұрақтарды талдады. Оның ішінде «Патологиялық физиология-2» пәні бойынша коронарлық жеткіліксіздік түсінігіне тоқталып, оның себептері мен даму жолдарына ерекше мағына берілді. Сонымен қатар, науқаста туындаған негізгі патологияға

сай миокард инфарктісіне ерекше назар бөлінді, оның патогенетикалық факторлары, көріністерінің даму механизмдері толық қарастырылып, топ ішінде талданды. «Патологиялық анатомия-2» пәні бойынша осы патологияның макро- және микропрепараттарының сипаттарына тоқталды, визуалды тұрғыда көріністері қарастырылып, патологиялық үрдіс жайлы қорытынды берумен аяқталды. «Фармакология-2» пәні бойынша осы патологияны алдын алу мен емдеу мақсатында қолданылатын негізгі бірнеше препараттар топтарына тоқталды, олардың әсер ету механизмін көрсетіп, фармакокинетикалық ерекшеліктерін атап өтті. Сонымен қатар альтернативті терапия сұрақтарына да назар аударылды. «Ішкі аурулар пропедевтикасы» пәні бойынша барлық берілген мәліметтерге сүйене отырып, негізгі клиникалық синдром-дарды анықтады, сол синдромдардың ішінен негізгі – жетекші клиникалық синдромды анықтады. Осыған сай барлық зерттеу нәтижелеріне тоқталып, арнайы көріністеріне түсініктеме беріп өтті. Осындай тұрғыда интеграцияланған ашық сабақ өткізілді, жан-жақты коронарлық жеткіліксіздік мәселесін байланыстыруға ұмтылыс байқалды. Студенттер сабақ барысында үлкен қызығушылық танытты, сонымен қоса әр пәнге сай жақсы дайындықтары мен білімдерін көрсетіп, қуантты. Талдауға студенттер өте белсенді қатысты. Сабақ соңында студенттерге пікірлерін алу мақсатымен кері байланыс сұрақтары берілді. Пікірлерін қорытындылай келсек, студенттерге интеграцияланған оқу түрі тиімді болып табылады, сонымен қатар осы арқылы олар кез келген жүйе бойынша патологияны талдау барысында пәндердің өзара байланысын байқап, мәселені шешу барысында алынған білімдерін толық қолдануға мүмкіншілік туындайтыны туралы айтылған.

Осылайша оқытудың инновациялық түрлері жұмысқа деген шығармашылық тәсілдемені, дербестікті, жауапкершілікті, күрделі жағдайларда тез арада дұрыс шешімді қабылдауды, заманауи, алдыңғы қатарлы емдеу және диагностика тәсілдерін игеруге ынталандырады.

ӘДЕБИЕТ

1 Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы. МОН РК, 2012.

2 Сферы компетентности выпускника Карагандинского государственного медицинского университета. Компетентность: знание

биомедицинских наук: Метод. рекомендации / М. К. Телеуов, Р. С. Досмагамбетова, Л. Г. Тургунова и др. – Караганда, 2010. – 45 с.

3 Сферы компетентности выпускника Карагандинского государственного медицинского университета. Компетентность: Коммуникативные навыки: Метод. Рекомендации /М. К. Телеуов, Р. С. Досмагамбетова, В. Б. Молотов-Лучанский, Л. Л. Мациевская. – Караганда, 2010. – 46 с.

4 Современные технологии обучения в вузе: Метод. пособие /Под ред. М. А. Малышевой. – СПб, 2011. – 134 с.

REFERENCES

1 State Program for Development of Education of the Republic of Kazakhstan for 2011 – 2020. MES of RK, 2012.

2 The areas of graduates' competence of Karaganda state medical university. Competence: the knowledge of biomedical sciences: Method. recommendations /М. К. Teleuov, R. S. Dosmagambetova, L. G. Turgunova etc. – Karaganda, 2010. – 45 p.

3 The areas of graduates' competence of Karaganda state medical university. Competence: Communication skills: Method. recommendations /М. К. Teleuov, R. S. Dosmagambetova, V. B. Molotov-Luchanskii, L. L. Macievskaya. – Karaganda, 2010. – 46 p.

4 Modern technologies of training in high school: Study guide /Ed. by M. A. Malysheva. – St. Petersburg, 2011. – 134 p.

Поступила 14.03.2016 г.

С. Б. Жаутикова, К. М. Жиенбаева, С. М. Аринова

ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В КГМУ

Кафедра патологической физиологии Карагандинского государственного медицинского университета

В статье обсуждается опыт применения инновационных методов обучения в группах с казахским языком обучения в Карагандинском государственном медицинском университете. Авторы рассматривают значение, цель, возможность взаимосвязывания, взаимодополнения интегрированного метода обучения. Интегрированный метод обучения позволяет студентам проводить взаимосвязь между биомедицинскими и клиническими дисциплинами.

Ключевые слова: инновация, инновационные методы обучения, интеграция, интегрированное обучение, модели обучения в медицине

S. B. Zhautikova, K. M. Zhiyenbayeva, S. M. Arinova

EXPERIENCE OF USE OF THE TEACHING INNOVATIVE METHODS IN KSMU

Department of pathologic physiology of Karaganda state medical university

The article discusses the experience of application of innovative teaching methods at KSMU in Kazakh groups. The authors consider the meaning, purpose, possibility of interlinkage and complementary integration of teaching method. Integrated teaching method allows students to carry out the relationship between the biomedical and clinical disciplines, thereby showing the value of each discipline to the student.

Key words: innovation, innovative methods of teaching, integration, integrative study, model of teaching in medicine